

Парасатты полиция дегеніміз...

Өкінішке орай, интернет желілерінен, БАҚ, жалпы көпшілік арасында құлаққа түрпідей полицейлер туралы тиіп-қашпа жағымсыз әңгімелер кездесіп қалып жатады.

Сол полицейлерді қызғыштай қорыған жақындарынан басқалары құқық қорғау қызметкерлеріне пікірлері тым әділетсіз. Олардың ойынша жемқорлық пен құқық бұзушылықтар полицейлердің өздерінен басталады-мыс. Сондықтан, бүгінгі мақала да парасатты полицей деген тақырыптан арқау алып, мазмұны полицейдің жеке тұлғасын көпшіліктің пікірімен бейнелеу негізінде өрбімекші.

Полицей дегенде қашанда қолына табельдік қаруын алып, не болмаса дабылы іске қосылған көлігімен қарақшылардың соңынан қуып жүретін тәртіп сақшылары еске түседі. Әрине, мұның барлығы көркем фильм желісімен жадымызға әсер берген үзік-үзік кадрлар көрінісі....



Ал парасатты полиция қызметкері қандай болады? Болашақ құқық қорғау орган қызметкерін тәрбиелеуде қандай сапаға көңіл бөлу қажет? - деген сұрақтар Отанға қызмет жолындағы әрбір тұлғаға маза бермейтіндігі сөзсіз. Осы тұрғыдағы сұрақтарды Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің

Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының қызметкерлерінің аға буын өкілдеріне де қойыл еді.

Солардың бірі Сметановский Александр Юрьевич, полиция полковнигі. 1964 жылы 24 желтоқсанда Торғай облысы Жангелді ауданы Торғай селосында дүниеге келген. Ішкі істер органдарында әр түрлі лауазымдарда 1992 жылдан бастап жұмыс істеген. 1999 жылдан осы күнге дейін Академияда профессорлық-оқытушылар құрамында қызмет атқаруда.

- Парасатты полиция дегенді қалай түсінесіз?

- Парасатты полиция деген ұғымның мәні өте зор. Өйткені кез келген полиция қызметкері кенет туындаған кез келген күтпеген оқыс жағдайға ұшырап қалып отырады. Мұнда дұрыс шешім қабылдай білу тілді жетік меңгеруден бастап, тәртіп сақшысының кез келген игерген өнері мен адамға тән жеке бас қасиеті маңызды роль атқарады. Парасатты полиция жан-жақты, өнерлі, беделді, әрқашанда халыққа жәрдем жасайтын және халықты қорғауда жанын қиюға дайын тұрған батыр деп айтуға болады. Бүгінгі таңда полиция қызметкерлері қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз етіп, қылмысқа қарсы табанда күрес

жүргізуде, сондай-ақ, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын құқыққа қарсы қолсұғушылықтан қорғап келеді.

- Қазақстан полициясына тілегіңіз!

- Полиция қызметкерлеріне өз қызметтік борыштарын үлгілі және аянбай орындап, құқықтық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қажетті деңгейде қамтамасыз ететініне сенім білдіреміз. Зор денсаулық, отбасыларыңызға береке-бірлік және Отанымыз-Қазақстан Республикасының игілігі жолындағы қызметтеріңізге табыс тілеймін!

- Нағыз полиция қызметкерінің жеке тұлғасы қандай болады?

- Біріншіден көзбен көру жады болуы тиіс, адамдармен байланыс жасауға, тілдесуге, адамдарды баурау қабілеті, орынды қулық, ойлау қабілеті шапшаң, шыныққан, төзімді, жігерлі болуы тиіс. Өз-өзін жан-жақты жетілдіріп отыруы тиіс.

- Қызметтегі қиындықтар мен осал тұстарына пікірлеріңіз?

- Отбасында уақыт аздығы, бұрынғы уақытта техника құрал аз болды, үй-шаруасына уақыт болмады, қызметкер ретінде келген адамдар аталған қиындықтарға байланысты болғандықтан ба келіп-кетіп отырды. Қылмыскерлер заңдарды, қазіргі техникалық құралдарды қылмыстық ниеттеріне жетік пайдалануда деп айтса да болады. Мұның өзі біздің қызметте қылмысты ашу мен алдын алуда кедрегі келтірді. Ішкі істер орган қызметкерлерінің материалдық жағдайын көтерсе, әлеуметтік қорғау кепілдігі болса дұрыс болар еді.

- Қазақстан полициясына тілегіңіз?

- Қазақстан полициясын техникамен, қаражат, әлеуметтік қорғалу кепілдігімен қамтамасыз етіп, жас мамандарға баспана, сынақ мерзімі 2 жылға дейін ұзартылса, оларға тәлімгер болса, жалпы қызметтеріне табыс, халқымызға бейбіт өмір тілеймін!

Сұхбаттасқан тұлғалардың әрқайсысы құқық қорғау қызметінде үздіксіз 20-30 жылдан астам қызмет етіп келе жатқан полицейлер. Далада мұз жастанып, қар жамылған күндерін сыр-ғып бүккен, қаншама қылмысты ашып, алдын алған осы қарапайым жандар асыл тұлғалар. Әрине, еңбегі Отанға қызметтен, жемісі халқының бейбіт өмірінен тұратын мұндай полицейлер көп, әрі олардың әрқайсысы халықтың қалаулысы болуға лайықты. Бүгінде, көп жылдық қызметтегі тәжірибесін, парасатты полицияның қасиетін, антына берік полиция қызметкері болуға талпынған білім құмар жастарға түсіндіру жолындағы аға буын полиция өкілдері біз үшін үлгі. Еліміздің мәңгілік жасампаздығы мен еліміздің

бейбіт өмірі жолында аянбай қызмет етіп келе жатқан Қазақстан полициясы - парасатты полиция, жасай берсін демекпіз.

М.Лұқпанов
ҚР ІІМ Қостанай академиясы
Жедел - іздестіру және режим қызметі
кафедрасының аға оқытушысы
полиция майоры